

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

Студент өміріндегі
Дебат қозғалысы

4

ИНЖЕНЕРНОЕ И ХИМИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В
УНИВЕРСИТЕТЕ: ТРАДИЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

18

ТІЛ БІЛУ-ТАБЫС КІЛТІ

21

№3 (218), наурыз, 2024 ж.

НАУРЫЗ КЕЛДІ - ҚҰТ КЕЛДІ



Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілкен, аққа аузы тиіп, қытымыр қыстың ызғарынан құтылған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз келіп жетті. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде әз-Наурыз мерекесі кең көлемде тойланып, ұжым қуаныштарымен бөлісіп, бір-біріне ақ жарма тілектерін ақтарды. Салтанатты мерекеде көш басын батагөй қариялар мен қолдарында шашуы бар әжелер іс-шараны ашып, жайма-шуақ мерекемен құттықтады.

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы болған мерекеде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жоғары деңгейде атап өтті.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-ректор м.у.а. Қайрат Нұрманбетов жиналған қауымды жаңашылдық пен жасампаздықтың рухы, жаршысы саналатын ұлттық мейрамымызбен құттықтады. Биік елдіктің, іргесі сәгілмес бірліктің мерекесі халқымызға құт-береке, тыныштық әкелсін деген тілегін жеткізді. Сондай-ақ іс-шара аясында Қайрат Еңбекшіұлы «Әуезов түлектері қауымдастығы» атынан университеттің дамуы мен өркендеуіне үлес қосқан бірқатар ОПҚ Алғыс хатпен марапаттады.

Оған қоса Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәрімбек Құрманәлиев пен университет басқарма төрағасының кеңесшісі Дария Қожамжарова университет ғалымдары мен оқытушы-профессор құрамын мерекемен құттықтап, ақ жарма тілектерін жаудырды.

Мерекеде жастар мен қызметкерлер кір тасын көтеруден сынға түсіп, өзара мықтыны анықтады. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Тіршілік атаулыға нәр беріп, мейірімділік пен ырыс-ынтымақтың бастауы болатын, молшылық пен берекенің символына айналған ұлық мейрамда ақтың молаятын, арықтың ұзаратын, тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңейетін кезеңі – Наурыз мейрамы құтты болсын!



ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЛА ХАЛҚЫМЕН НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАДЫ



Шымкент қаласында жыл басы өз-Наурыз ауқымды мерекелік іс-шаралармен басталды. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Әл-Фараби алаңында өткен «Төрлет, Өз-Наурыз» атты мерекені қала халқымен бірлесіп тойлады.

Мерекелік бағдарламаны Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков,

М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-ректор м.у.а. Қайрат Нұрманбетов, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары тамашалады. Университет ұжымы оны екі қанат киіз үй тігіп, ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтады. Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков университет құрған киіз үйге арнайы атбасын бұрып, ұжымға мерекелік лебізін білдірді.

Қала тұрғындары мен қонақтарына оқу ордасының өнерпаздары концерттік бағдарламасын ұсынды. Ән айтылып, жыр арналып, бишілер мың бұрала биледі.

Ұлттық мерекені тойлауға келген көпшілікті батырлардың сауыт-сайманын асынған бойшаң жігіттер мен ұлттық киім киген ару-



лар қарсы алды. Іс-шарада жігіттер қошқар көтеруден жарысып, кір тасы сайысында бақ сынады. Балалар асық ойнап, жастар алтыбақан маңында бас қосты. Ұлттық мерекеде

наурыз көжеден тұрғындар ауыз тиді.

Наурыз тойына жиналғандар ақ тілегін ақтарып, мерекені ерекше қуанышпен өткізді.

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ



«Өз-Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің бастауы. Жылдың бұл мезгілі – күн мен түн теңеліп, жер жүзі қайта түлейтін шақ. Сондықтан ата-бабамыз ежелден шуақты көктем мерекесіне айрықша мән берген, оны Ұлыстың ұлы күні деп ұлықтаған».



Мереке қарсаңында М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінде «Армысың Өз-Наурыз» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік іс-шарада колледж директоры С.Н.Әлібек колледж ұжымын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап,

онан әрі колледж оқытушыларын марапаттау рәсіміне ұласты.

Мерекелік іс-шара «Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымының мерекеге арналған концерттік бағдарламасымен өз жалғасын тапты.

Іс-шара аясында қазақ халқының ырым-жоралғыларына, халықтың көңіл-күйі мен ынта-ықыласына тоқтала отырып, «Бесікке салу», «Тұсау кесер» рәсімі жасалды және қазақтың ұлттық ойындары ұйымдастырылды.



НАУРЫЗ - НАЧАЛО БЛАГОПОЛУЧИЯ И ПРОЦВЕТЕНИЯ

В основе многотысячелетней традиции нашего народа продолжилось празднование десяти дней нового формата празднования Наурыза. Наш народ, тесно связавший быт с матерью-природой, расценивает Наурыз как начало обновления и созидания, как начало процветания и благополучия.

18 марта 2024 года кафедра «Экономика» ВШ «Управление и бизнес» совместно с образовательно-информационным центром Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова на высоком уровне отпраздновали мероприятие «НАУРЫЗ - ҚҰТ, БЕРЕКЕ БАСТАУЫ».

В мероприятии приняли участие профессорско-преподавательский состав и студенты высшей школы, сотрудники ОИЦ в традиционной одежде, где они почерпнули значение праздника песнями, исполнением кюйев, наурыз шашу и многое другое.



Халықаралық студенттік форум өтті



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Заң факультеті «Философия» кафедрасы, Жастар орталығының ұйымдастыруымен

«Орталық Азиядағы білім мен әлеуметтік ғылымдардың интеграциясы» атты халықаралық студенттік форум өтті. Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры м.а. Сарықұлов Құрманғалы Рахымбердіұлы мен «Философия» кафедрасының меңгерушісі Спанов Мейірхан Жантайұлы құттықтау сөз сөйлеп, форум жұмыстарына сәттілік тіледі. Сонымен қатар алқалы басқосуға Өзбекстан Республикасынан ғалымдар мен зерттеуші қонақтар арнайы қатысты.

Басқосуда білім саласындағы инновациялық реформалар, жаһандық дәуірдегі технология, Neet санатындағы жастар мәселесі, жастар саясаты, тәрбие хақында студенттер қазақ, орыс, өзбек, ағылшын тілдерінде баяндама жасады. М.Әуезов атындағы ОҚУ ЮМ-22-6к тобының студенті Жақсылық Махамбет «Технологияның сын-қатері және мүмкіндіктері», Мирзо Улугбек атындағы

Өзбекстан ұлттық университетінің 4 курс студенті Шахло Йулдабаева «Өзбекстанның білім беру жүйесіндегі инновациялық реформалар», «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы, «Философия» мамандығының 3 курс студенті Зият Нұраят «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты қалай жүргізіледі және маңыздылығы қандай?» тақырыбында ойларын ортаға салды.

Форум аясында бауырлас елден келген қонақтар университеттің музейі, «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының тыныс-тіршілігімен танысып, ризашылықтарын білдірді. Филология ғылымдарының кандидаты, мұхтартанушы ғалым Ақжол Қалшабек «Мұхтартану» орталығының соңғы жылдарда жеткен табысты жетістіктеріне тоқталып, түркі халықтарымен байланыстың бекемделе түскенін атап өтті.

Форум аясында студент-жастар айтылған тақырыптар аясында пікірлерін ортаға салып, пайымды тұжырымдарымен бөлісті.

«МЕН ТАУЛЫҚПЫН»



...Мен - таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Тау деген Ана туған дара тұлғам

...Тауға барып

Көкке ұшып кетсем бе екен

Ұстап алып қыранның қанатынан, - деп жырлаған Мұқағали барда қазақтың жыр-дастаны өлмек емес. Жыл керуені алға жылжыған сайын мұзбалақ ақынның өлеңдері жарық жұлдыздай қараңғы түн қойнауынан жарқырай түседі. Ол ғасыр - ақыны. Оның бір дәлелі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Мәдениет және өнер факультеті «Думан» халықтық-жастар театрының Наурыз мерекесіне тарту ретінде қойған «Мен таулықпын» атты сазды-поэтикалық қойылымы.

Қойылымның режиссері - «Думан» студенттік халық театрының жетекшісі Ерлан Ақылбаев. Бұл қойылым бұрынғыдан өзгереді.

Жас өнерпаздардың үйлесімділікпен орындаған ақиық ақынның өлеңдері мен әуелеген әндері көрермен жүрегін бірден жаулап алды. Ақынның тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірі

көрерменнің көз алдында сырғып өтіп жатты. Туған жерге, анаға, балаға деген махаббат, ерлік пен елдік, сұлулық, ғашықтық, айрылысу, сағыныш тақырыбындағы жырлар жүректерден тегіліп, алапат сезім көрерменді бірде қуанытты, бірде мұңайтты.

Өнерпаздардың шынайы болмысы, әншілердің жанды дауыстағы әндері, әсіресе, қойылым арасындағы байланыс өнер сүйер қауымға естен кетпес әсер сыйлады.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Бейсенбаев Садыбек Калмаханұлы, Мәдениет және өнер факультетінің деканы Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы талантты жастарға сәттілік тіледі.

«Тек поэзия жанрынан тұратын қойылымның дайындығына бір айдай уақыт кетті. Бұл біздің Наурыз мерекесіне - тартуымыз. Енді «Менің атым - Қожа» спектакліне дайындықты бастаймыз», - деп атап өтті режиссер Ерлан Ақылбаев.

«Думан» студенттік халық театрының жас артистерінің қойылымдары көрермен көзайымына айналатынына сенеміз.

Студент өміріндегі Дебат қозғалысы

Адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар, бірі - қолбасшылық, екіншісі - шешендік. Бүгінде адамға кәсіби маман ретінде де, жеке тұлға есебінде де қалыптасуға жәрдемдесетін дағдылар хақында көп айтамыз. Әңгіменің өзегі сабақ, яки дәріс кезінде алатын сапалы білім турасында ғана еместігі айтпаса да түсінікті. Бүгінгі білім жүйесіне әлі еніп үлгермеген дағдылар кешені, атап айтқанда, эмоционалды интеллект турасында, өз кезегінде, қарсыласыңды өзге бір деңгейде түсініп, сәйкесінше, ортақ шешімдерге қол жеткізу үшін дұрыс сөз айтып, түзу қадам жасауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, дебат көп нәрсеге үйретті, пікірталасу арқылы өз ұстанымыңды қорғап қана қоймай, өзгенің ұстанымын түсінуді үйренесің. Дебаттар soft skills жақты дамытады, ал бұл – коммуникация, эмпатия, өз ұстанымыңды қорғау, тіпті конфликтологияның базалық дағдылары. Өз тәжірибеме сүйене отырып, бұл теория жүзінде ғана емес, тәжірибеде де жұмыс істейтінін нық айта аламын. Дебат арқылы таныс-біліс болған азаматтармен бүгінде достық қарым-қатынастамыз. Олардың көбі бизнесте, медиа, білім беру саласында қызмет етуде. Әрқайсысы өз саласында жақсы жетістікке жетіп жатыр. Бұл дебат бағдарламасының сәтті болғанының бірден-бір дәлелі деп ойлаймын.

ның жемісі. «Тіл – халықтың тарихы, шежіресі, халықтың күллі өмірінің жаңғырығы мен ізі, онан сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады. Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы. Тіл – адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады». Қазіргі Қазақстанда тіл мәселесіне көп мән беріледі. Әсіресе, үш тұғырлы тіл туралы айта кеткен жөн. «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны алғаш рет 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жарияланып, 2007 жылғы жылы “Тілдердің үш тұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асырылды. Бұл жоба бойынша Қазақстан халқы үш тілде сөйлейтін жоғары білімді ел ретінде бүкіл әлемге танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі. Біздің халқымыз үшін қазақ тілінің маңыздылығын және оның еліміздегі орын алуы туралы қазақ халқының зиялы азаматтарының ерте заманнан бастап айтқандары белгілі. Қазіргі уақытта да бұл мәселеге мемлекет тарапынан аса назар аударылатындығы баршамызға мәлім. Дегенмен, «Үш тұғырлы тілдің» мәнін, маңызын, халық пен болашақ ұрпаққа беретін үлкен пайдасын көпшілік ұғына алмауда.

«Дебатты ойын ретінде емес, білім беру технологиясы деп қабылдауымыз қажет. Сондықтан бұл қозғалысты белсенді түрде дамытып жатырмыз. Біз Қазақстанда дебат қозғалысын дамыту тұжырымдамасын және оқушылар мен студенттер арасында дебат турнирлерін өткізу қағидаларын әзірледік. Балалардың сыни ойлау қабілетін дамыту, жеке қасиеттерін дамытуға көмектесу маңызды командада жұмыс істеуге баулу, сұрақтарға жауап беру, өз пікіріңді дәлелдеу, балалардың өз ойларын дұрыс тұжырымдау үшін бізге осы білім беру технологиясын белсенді қолдану қажет.

Қорыта келгенде, «Дебат-тілге жүйрік, ой-өрісі кең, тақырыпты екі жақты көзқараста дәлелдей алатын нағыз дарындылар ойыны!»

ҚР білім беруді және 2020–2025 жылдарға бағдарламасы бойын-оқушылардың дебаттық мәдени-білім беру жоба-М.Әуезов атындағы ОҚУ колл-атты дебат клубы ашылып, бірне-интеллектуалды пікірсайыс академиясының ұйымдастыруымен және Орталық Азия инновациялық университетінің қолдауымен өткен «Көш-басшылар алаңы» республикалық дебат турнирінің қалалық кезеңіне қатысып, «Турнир жаңалығы» дипломына ие болдық. Желтоқсан айында қаламыздағы студенттерден құралған «Ақиқат» дебат клубының мүшелерімен тәжірибе алмасу мақсатында дебат өтіліп, оқушыларымыз мол тәжірибе алды.

Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру мақсатында дебат өткіздік.

«Үш тұғырлы тілге сіздің көзқарасыңыз қандай?» деген мәселені талқылап, ой түюге студенттер жиналды. Жалпы, тіліміздің біздің өмірімізде алатын орны қандай? Үш тұғырлы тіл саясатын қолдау маңызды ма? Өзге тілді үйретеміз деп жүріп, ана тілімізді жоғалтып алмаймыз ба? «Та-яқтың екі ұшы бар» дегендей, осы мәселе бойынша екі жақтың пікір-лерін тыңдап, өзімізге керектіні алып, осы сұраққа нақты жауапты де-батта табуға тырысып, қызу ойынға куә болдық!

Пікір-талас клубының отырысы - бұл ой-өріс парасат пен шешендіктің қиялдағы парламенттегі жарысы. Пікір - талас нағыз ой қорытындысы-

ғылымды дамытудың арналған мемлекеттік ша “Ұшқыр ой алаңы” қозғалысы жалпыұлттық сын іске асыру мақсатында леджінде “Әуезов шыншылдары” ше фракциялар құрылды. Шымкент

З.Б. Омар,

**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің
ағылшын тілі пән оқытушысы**

МЕХАНИКИ – чемпионы Спартакиады по мини-футболу

Во время зимних студенческих каникул прошла традиционная Спартакиада преподавателей и сотрудников ЮКУ им. М.Ауэзова, посвященная 80-летию вуза. Соревнования проходили по восьми видам спорта. По традиции наиболее зрелищными являются соревнования по мини-футболу. Как и в других видах, все команды были разбиты по четырем группам. В результате напряженных поединков победителями групп стали: группа «А» - команда ВШ Информационных технологий и энергетики, группа «В» - команда факультета Права, группа «С» - команда колледжа ЮКУ им. М.Ауэзова, группа «D» - команда факультета Механики и нефтегазового дела.



В первом полуфинале встретились команды факультета Права и Механики и нефтегазового дела. Игра закончилась со счетом 2:2 и первого финалиста турнира пришлось определять в серии пенальти (семиметровых штрафных ударов). Первая серия пенальти не определила победителя. Лишь после второй серии стал известен первый финалист - им стала команда факультета Механики и нефтегазового дела.

Во втором полуфинале встретились команды Высшей школы Информационных технологий и энергетики и колледжа ЮКУ им. М.Ауэзова. Игра прошла с явным преимуществом «компьютерщиков» и закончилась со счетом 8:1. Таким образом, нас ожидал грандиозный финал между «механиками» и «компьютерщиками». Но, перед этим необходимо было определить третьего призера соревнований.

В игре за третье место встретились команда колледжа и «юристы» во главе с «главным» юристом, капитаном команды Аскарком Сартаевым. Начало игры

прошло под диктовку игроков команды факультета Права, которые забили пару быстрых голов. И тут на первые роли вышел вратарь колледжа - замдиректора по воспитательной работе Рахымжан Абишев. Он начал творить чудеса, отбивая все, что летело в ворота. Тут начала ошибаться защита «юристов». В результате игра, прошедшая с преимуществом команды факультета Права, закончилась со счетом 4:4. Для определения победителя пришлось прибегнуть к помощи послематчевых пенальти. Пенальти точнее били «юристы», которые и стали третьими призерами состязаний. Команда колледжа, кстати победитель прошлого года турнира, осталась на четвертом месте.

В финале соревнований встретились команды Высшей школы Информационных технологий и энергетики («компьютерщики») и факультета Механики и нефтегазового дела («механики»). В начале игры преимуществом завладели «компьютерщики», которые благодаря усилиям преподавателя кафедры АТиУ Баглана Бекбауова

забили два гола в ворота соперников. Во втором тайме «механики» сумели переломить ход неудачно складывающейся игры и забить три безответных мяча. Авторами этих голов стали доцент кафедры МиМС Хасен Абшенов (забил два мяча и, в том числе, победный) и заведующий лабораторией Жахангир Хусанов. В результате игра закончилась со счетом 3:2 в пользу команды факультета Механики и нефтегазового дела, которые и стали победителями соревнований по мини-футболу в программе Спартакиады преподавателей и сотрудников ЮКУ им. М.Ауэзова, посвященной 80-летию вуза.

Хочется также выразить благодарность судье соревнований, преподавателю кафедры Физвоспитание для технических специальностей Бекзату Толепову, к которому не было претензий ни от победителей, ни от проигравших. Подводя итоги соревнований по мини-футболу, необходимо отметить, в командах-призерах следующих преподавателей и сотрудников (кроме упомянутых выше):

Факультет Механики и нефтегазового дела - капитан команды, зам. декана Омирбек Байсбай, преподаватель кафедры Нефтегазовое дело Берик Сақыбаев;

Высшая школа Информационных технологий и энергетики - капитан команды, зав кафедрой АТиУ Ахметбек Мусабеков, зам. декана Гамидулла Тилеуов;

Факультет Права - преподаватели Ринат Мусаев (Философия) и Олжас Рамашов (Государственное право);

Колледж ЮКУ им. М.Ауэзова - организатор, преподаватель физвоспитания Азамат Сандыбаев.

PS. Победители также награждены переходящим Кубком «Академика», учрежденного ветеранами ФК «Академик» и спортклубом ЮКУ им. М.Ауэзова.


**Серикбаев Болатжан
Ермаханович,
доцент кафедры МиМС,
руководитель ФК «Академик»**

Еліміздегі жағдайды түбегейлі өзгерту үшін газ жобаларын қаржыландыру керек

Қазақстан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында газдандыру бойынша аутсайдер болып қала береді. Қазақстанда көгілдір отынды небәрі 19,7 млн халықтың тек 11,6 млн-ы (59%) ғана пайдаланады. Қырғызстанда да жағдай мәз емес, халықтың 38%-ы ғана осы отынға қол жеткізген. Ресейден кейінгі екінші орында болғанымен, одақтағы басқа елдердің барлығы Қазақстанды газдандыру бойынша артқа тастап кетті. 145,5 млн РФ-ның өзінде газдандыру деңгейі 73%-ға жетті.



ЕАЭО-ға мүше елдердің газдандыру деңгейі. 2022 | халықтың %-ы



Дереккөз: Еуразиялық экономикалық комиссия, ҚР Энергетика министрлігі, РФ Үкіметі, «Газпром Кыргызстан» ЖШҚ

EnergyProm

Өздері аз ғана өндіретін, көбіне импорттайтын Беларусьте халық 97% газбен қамтамасыз етілген. Арменияда ешқандай газ кен орындарының жоқтығына қарамастан, газдандыру (96%) бойынша да жетекші елдердің бірі.


Қазақстанда газды өндіру және экспорттау үздіксіз жүргізілгенімен, ішкі газ мәселесін шешуде ілгерілеушілік баяу. ҚР Энергетика министрлігінің статистикасы 2018 жылдан бастап газдандыру деңгейі 49,7%-дан 59%-ға дейін өзгергенін, динамикадағы қадам жылына небәрі 1-3 пайыздық тармақты

құрайтынын көрсетеді. Тиісті ведомствоның жоспары бойынша, 2023 жылдың соңына қарай газға қол жеткізетін халық саны небәрі 160 мың адамға өсіп, 11,8 млн адамға (барлығы 60%) жетеді.

Дегенмен, 59% орташа көрсеткіш Қазақстанның әртүрлі аймақтарының газдандыру деңгейі бойынша қаншалықты ерекшеленетіні туралы түсінік бермейді. Еліміздің негізгі газ кен орындары батыста орналасқан, сондықтан мұнай мен газды өңірлердің (Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары) тұрғындарының барлығы дерлік көгілдір отынға қол жеткізе алады.

Көрсеткіштер оңтүстікте де жоғары: Алматы — 99,2%, Шымкент — 94,2%, Жамбыл облысы — 90,2%. Бұл 2023 жылғы 22 ақпандағы үкімет отырысында жарияланған Энергетика министрлігінің мәліметтері. Солтүстіктегі барлық аумақтар мұндай көрсеткіштермен мақтана алмайды: ең ірі газ құбырларынан (Бейнеу — Шымкент, Қазақстан — Қытай) неғұрлым алыс болса, соғұрлым газдандыру деңгейі төмен болады. Ал, көптен күткен, осыдан үш жыл бұрын салынып біткен «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы да Орталық Қазақстанның бұл мәселесін әлі түбегейлі шешкен

жоқ. Астана қаласын қамтамасыз ету, Энергетика министрлігінің мәліметі бойынша, 15,1% деңгейінде қалып отыр, Қарағанды және Ұлытау облыстарында бұл көрсеткіш небәрі 1,5%-ды құрайды. Тәжірибе көрсеткендей, магистральдық газ құбырын тарту жұмыстың жартысы ғана, бізге газ тарату желілерін салу керек. Өңір тұрғындары желілердің жоқтығына және құбырлар бар жерде құжаттары бар қағазбастылыққа шағымдануда. Оның үстіне тұрғындарға газды тікелей үйлеріне жүргізу қымбатқа түседі.



Тәуелсіздік жылдарында Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарының тұрғындары орталықтандырылған газдың не екенін білмеген. Мұнда барлық энергия көмірмен жұмыс істейтін стансаларға салынып, кеңестік газ инфрақұрылымының қалдықтары тозған. ШҚО 3,1% көрсеткіші 2013 жылдан кейін газ беріле бастаған шағын Зайсан ауданын газдандыру есебінен ғана қалыптасып отыр. Қытаймен шекаралас осы аумақта он жыл бұрын Сарыбұлақ мұнай-газ кен орны игерілді. Батыс мұнай алпауыттарымен салыстырғанда Сарыбұлақтың қоры өте аз — небәрі 5 млрд куб метр газ. Бұл кенішті бүкіл Шығыс Қазақстанның негізгі ресурстық базасы ретінде байыпты қарау үшін жеткіліксіз.

2015-2030 жылдарға арналған жаңартылған. Газдандырудың бас схемасы еліміздің шығысы мен солтүстігін табиғи газбен қамтамасыз етудің бірнеше сценарийін қамтиды. Соның бірі — «Сарыарқа» газ құбырынан тармақ салу. Тағы бір жолы — солтүстік-батыстан, Қостанайдан (Бұқара — Орал газ құбырынан) шығысқа қарай құбырлар тарту. Екі жоба да энергияны көп қажет етеді және ұзақ мерзімді. Бас схема авторларының айтуынша, өңірде газ құбырларын тартуға шамамен 10 жыл қажет. Газдандыруды табиғи емес, сұйытылған газдан бастасаңыз, процесті жылдамдатуға болады. Ол үшін табиғи газды сұйырту зауытын салып, сұйытылған газдан табиғи газға қайта газдандыру үшін сұраныс пен ішкі инфрақұрылымды кезең-кезеңімен салуды бастау қажет.

Одан да тартымды сценарий Омбыдан Павлодар арқылы Семей мен Өскеменге Ресейден тармақ

салу. Немесе басқа бағытты қолдануға болады: Барнаулдан Семейге, одан Павлодарға. 10 жылдан астам уақыттан бері бұл жоспарлар талқыланып жатыр, нақты ілгерілеушілік жоқ, мәселе Ресей билігіне байланысты. Қазақстан өз тарапынан импорттық газ бағасының жоғары болуын мұндай сценарийг кедергі деп санайды. Құрылысқа салынған инвестицияның қайтарымын және жоғары тарифтерді ескере отырып, мұндай газ халық үшін қымбатқа түсуі мүмкін, ал мемлекеттік субсидиясыз газ көмірмен бәсекелесе алмайды.

Айтпақшы, бағаларға келсек, Қазақстанда соңғы бес жылда тарату желілері арқылы тасымалданатын табиғи газдың құны айтарлықтай 47,5% өсті. Бұл ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері. Құбыр арқылы тасымалданатын сұйытылған газ 10,3% қымбаттаса, әдетте газ плиталары үшін қолданылатын баллондардағы пропан мен бутан 2017 жылдан бері 36,9% қымбаттады.

Егер сіз баға динамикасын тек 2022 жылға қарасаңыз, ол салы-

стырмалы түрде аз болады. Өткен жылдың желтоқсан айында 2021 жылдың соңымен салыстырғанда табиғи газ 1,5%, сұйытылған газ 2,9% қымбаттап, баллондағы газ 21,5% арзандады.

Соған қарамастан, 2022 жылы қазақстандықтар сұйытылған газға және басқа отынға үй шаруашылығының шығындарын 5,2% арттырды. Іріктеу зерттеулерге сәйкес, 2022 жылы орташа отбасы осы мақсаттарға 30,7 мың теңге жұмсаған.

ҚР Энергетика министрлігі сарапшыларының қорытындыларына сүйенсек, елді газдандыруда бірнеше іргелі проблемалар бар. Бұл — болашақта ресурстық базаның жеткіліксіздігі (жаңа кен орындары ашылмай, Қазақстан газ тапшылығына ұшырауы мүмкін) және геологиялық барлау жұмыстарының төмен деңгейі, жаңа газ өңдеу зауыттарының қажеттілігі. Парламент Сенатының депутаттары бұл тізімге қолданыстағы магистральдық желілердің тозуын, жер қойнауын пайдаланушылар үшін ашық емес жұмыс жағдайын және әртүрлі өңір тұрғындары

үшін газ бағасының тең еместігін қосады. Кең ауқымды даму мәселелері жылдар бойы шешілмей келеді, енді технологиялық серпіліс жасау үшін орасан зор қаражат қажет. Жиынтық есептер бойынша, 2030 жылға қарай газ саласына 4,3 трлн теңге инвестиция құйылуы тиіс. Бас схеманың авторлары бұл соманы есептегенде, қаржы әртүрлі санаттағы 42,6 мың шақырым газ құбыры мен екі газ өңдеу зауытының құрылысына жұмсалады деп болжанған. Бұған дейін қаражаттың басым бөлігін — 2,4 трлн теңгені ұлттық оператор салу керек, тағы 1,9 трлн теңге түрлі деңгейдегі бюджеттерден бөлінуі тиіс. Осы сомалармен салыстырғанда соңғы жылдардағы инвестицияның нақты көлемі аз екені көрінеді. Министрлер кабинетінің отырысында жарияланған Энергетика министрлігінің мәліметінше, 2018-2022 жылдар аралығында Бас схема бойынша газ жобаларын жүзеге асыруға 243,5 млрд теңге бөлінген. 2023 жылы тағы 73,9 млрд теңге транш болады. Сарапшылар Бас схема авторлары көрсеткен 4,3 триллион теңгеге жету үшін қаржыландыру көлемін 17 еседен астам ұлғайту қажет екенін осы мақалада айтар едім.

Абдрахман Мейіржан Танатұлы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінің, Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы пәнінің оқытушысы.



К 125-ЛЕТИЮ КАНЫША САТБАЕВА

РАЗВИТИЕ ТЕХНИЧЕСКОЙ И ГУМАНИТАРНОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА

В 2024 году исполняется 125 лет со дня рождения Каныша Сатбаева - советского ученого, организатора науки и общественного деятеля. Роль и вклад К.И. Сатбаева в исследование природных недр и полезных ископаемых, становление в XX веке и развитие казахстанской геологической отрасли науки и образования, введение впервые в научный оборот новых научных терминологий и внедрение в экономическую отрасль страны полученных результатов имеют свою неповторимую и глубокую историю, естественные испытания, крупнейшие открытия для своего времени и огромную ценность в научно-техническом прогрессе всего СССР.

12 апреля (31 марта - по старому стилю) 1899 года в истории казахского народа и Казахстана в целом, в волости Аккелин Павлодарского уезда Семипалатинского генерал-губернаторства, ныне Баянаульского района Павлодарской области, в семье бия Имантая Сатбаева родом каржас-аргын родился Габдулгани. Позже балуя, именуемый матерью Ғани, Ғаныш, стал в последствии первым казахским геологом, ученым, доктором геолого-минералогических наук, профессором, академиком и первым Президентом Академии наук Казахской ССР - под именем Каныш Имантайевич Сатбаев.

нарии в Семипалатинске, где преподавали ему уроки знаменитые последователи Абая Құнанбайевич Назипа и Нургали Кулжановы. Каныш Имантайович участь в семинарии познакомился и подружился с легендарным писателем Мухтаром Ауезовым исследователем наследия Абая Құнанбайев, автор знаменитого исторического романа-эпопеи «Путь Абая», и будущим выдающимся казахским археологом и историком Алькем Маргуланом. Надо отметить, А.Маргулан в 1936-1938 научный сотрудник Института истории материальной культуры АН СССР. В 1939-1946 старший научный со-

графии АН Казахстана, и именно тогда первый президент только что созданной Академии наук Казахской ССР Каныш Сатбаев посоветовал Маргулану заняться археологией.

В дальнейшем провёл первые археологические раскопки древних городов вдоль рек Сырдарья, Талас, Шу исследовал культуры Тараза, Отрара, Сайрама, Саурана, Сыганака. Советские археологи и историки полагали, что на территории древнего Казахстана практически не было городов, за исключением трассы Великого шелкового пути, где редкие поселения все же присутствовали. Однако Алькей Маргулан, исходяв вдоль и поперек степи Сары-Арки, изучив раскопки Отрара, Тараза, Сайрана, Сыгнака и других городов, научно доказал, что в Казахстане существовали города в полном смысле этого слова. Более того, академик предположил, что и на севере, и на востоке Казахстана должны быть остатки древних городов. Впоследствии результаты проведенных исследований подтвердили его слова.

Когда К.И.Сатбаев полтора года работал учителем естествознания на педагогических курсах в Семее, ему предложили стать председателем уездного революционного комитета в 1920 году «...ревком П.В.Поздняк определил на работу судьей 10-го участка народного суда в Баянауле...», вспоминал К.И. Сатбаев. Проработав всего 1 год, он заметил, что судить приходилось многих современников отца, или братьев по роду, поэтому в 1921 году уже познакомившись с геологом М.А.Усовым, также и глу-

боко заинтересовавшись геологией, поступил и учился с 1922 - по 1926 г. в Томском технологическом институте по квалификации горный инженер.

Из воспоминаний К.И.Сатбаева было особо им отмечено, что его брат Әбікей Сәтбаев, старше его на 18 лет. Видный деятель народного просвещения, был членом движения «Алаш», тесно знаком с А.Байтурсиновым, А.Букейхановым, М.Дулатовым оказал большое внимание на просвещение Каныша, который так и писал, что «...за полученное им образование, считаю обязанным на всю жизнь двоюродному брату, старому интеллигенту Әбікею Сатбаеву...» репрессированному и пропавшему без вести в 1935-1938 гг. в тюрьме.

В 1924 году им был составлен первый учебник по алгебре для казахских школ. Первая научная работа по специальности была начата с 1927 году в Атбасарском тресте цветных металлов на должности начальника геологического отдела, далее членом правления треста. Его результативная работа по месторождению меди в поселке Карсакпай и строительство медеплавильного завода, стали основательным толчком к открытию новых месторождений и подготовкой научно-исследовательских работ. К 1933 году К.И.Сатбаев дал основательное доказательство Жезказгану, как одного из крупного региона в мире по залежам меди, отмечал важность строительства железной дороги и водохранилища, предложил внести развитие региона в 5-летний план развития экономики СССР, а также по гидрогеологическим иссле-



Первые знания Каныш получил в ауле у местного муллы, к 8 годам знал азбуку и умел читать, позднее с 1911 - по 1914 год отучился на «отлично» в Павлодарском училище вместе с будущим поэтом Ж.Аймауытовым, далее с 1914 - по 1918 г., учился в учительской семи-

трудник, заведующий сектором Института истории КазФАН СССР. В 1946 году защитил докторскую диссертацию на тему «Эпические сказания казахского народа» и стал заведующим отделом Института истории, археологии и этно-

дованиям, решение вопроса в регионе по недостатку воды.

К 1934 году после выступления Қ.И. Сатбаева в Академии наук СССР, было принято постановление о строительстве медеплавильного комбината и железной дороги Жезказган - Караганда - Балхаш. К 1940 году в Жезказгане было построено Досмурзинское водохранилище, а сам геолог удостоен ордена Ленина.

С 1941 года, К.И.Сатбаев по рекомендации 2-го секретаря ЦК КП Казахстана Ж.Шаяхметова был переведен в Алматы, назначен директором Института геологических наук и заместителем председателя Президиума казахского филиала Академии наук СССР И.Ф. Григорьева, позднее в 1942 назначен уже председателем.

12 июня 1942 года в биографии К.И.Сатбаева открыта еще одна победная станица - обнаружение марганца в Жезды и строительство марганцевого рудника. В том же году присуждена за 15 лет научных исследований, опубликование более 40 научных трудов и выпуск монографии «Рудные месторождения Жезказганского района» «Сталинская премия».

17 августа 1942 года ему присвоена степень доктора геолого-минералогических наук.

С 1943 года К.И.Сатбаев избран членом-корреспондентом Академии наук СССР. Его современник, ученый и последователь Ш.Ч.Чокин вспоминал, что «...Сатбаев был - примером одержимости в науке, работающего для своего народа...». В 1944 году уже знаменитому геологу выдали партийный билет члена ВКП(б), а Президиум Верховного Совета присвоил звание «Заслуженный деятель науки Казахской ССР». В 1945 году награжден 2-м орденом Ленина, за мобилизацию ресурсов в годы войны - орденом Отечественной войны 2-й степени.

Огромная заслуга Каныша Имантаевича Сатбаева была в организации и открытии 1 июня 1946 года Академии наук Казахстана, где избран ее академиком, позднее избран Президентом и открыл на территории Казахстана 11 научно-исследовательских институтов. В 1947 году был избран членом Президиума комитета по Ленинским и государственным премиям Совета министров СССР. Сатбаев представляет казахстанскую науку и за рубежом. В 1949 году утвержден депутатом Верховного Совета СССР 3 созыва, удостоен звания профессора по специальности «геология». Выдающая ра-

бота геолога и прагматика должна была стать блистательной и непоколебимой, так как многие вопросы добычи полезных ископаемых, производство необходимых для хозяйственного роста медных руд и в целом процветание государственно важных объектов были воплощены казахским ученым. Карьера ученого и общественно-политического деятеля росла стремительно вперед на глазах многих членов партии и совета министров СССР. Действенные меры по развитию национальных объектов науки и образования нарастили обороты и давали свои плоды.

В 1946 году, возобновились сталинские репрессии в СССР. В Москве продолжались преследования по идеологическому контролю

в советской науке, подавлялись и запрещались целые научные направления, а против многих видных ученых, инженеров и врачей была организована травля, которая нанесла огромный урон советской науке и культуре.

Деятельность Академии наук КазССР возглавляемая К.И.Сатбаевым становится объектом пристального внимания властей. Начался период проверок организованных комиссий ЦК КП Казахстана которая решила, что Институтом языка и литературы АН КазССР допущены так называемые «...грубые политические ошибки, в оценке многих деятелей прошлого и извращения националистического характера». К.И.Сатбаева стали укорять «...в

нарушении большевистского принципа подбора кадров института, засоренностью социально чуждых и случайных людей, не должном обеспечении руководства в отделение общественных наук Института языка и литературы...». Необходимо отметить, что как раз в этот период подвергнута цензуре роман-эпопея Мухтара Ауезова «Путь Абая», который был на особом контроле государственных органов власти, многие исторические личности и факты из истории казахского народа, намеренно искажались или умалчивались по признанию националистического и шовинистского толка в произведении. Впоследствии проверке комиссии подверглись и Отделение биологических исследований, где сфабриковано «дело врачей». В сентябре 1949 года Отделом пропаганды и агитации ЦК КП(б) К.И.Сатбаеву и Академии наук Каз ССР выдвинули обвинения, где затронуты вопросы привлечения в работу Академии потомков алашординцев, судимых ранее за идеи антисоветчины, опек националистов, вопросы привлечения на должности родственников, фиктивные должности, низкое качество некоторых защищенных диссертаций, которые имели «колпак в руководстве», сокрытии происхождения при вступлении в партию некоторых личностей.

В 1951 году плеяда ученых писателей абаеведов - Х.Жумалиев, Е.Исмаилов, М.Ауезов, и археолог историк А.Маргулан обвинены в национализме К.И.Сатбаев, под угрозой снятия с должности руководителя Академии наук, а возможно даже лишения партийного билета, не изменил свои принципам и до конца защищал честь и достоинство своих ученых-коллег. Однако он все таки был снят 23 ноября 1951 года с поста Президента и члена Президиума Академии наук Казахской ССР, далее выпала угроза на его должность директора Института геологических наук АН КазССР.

Отдельная тема о посещении им Великобритании в 1947 г. в составе делегации Верховного Совета СССР, где делегацию принимают выдающийся государственный деятель Уинстон Черчилль и премьер-министр Великобритании Клемент Эттли. Когда Каныш увидел в одном из музеев крупный самородок меди, который представляли всем, как руду, найденную в одном из африканских месторождений, не стал сразу спорить и со служащими музея, но позже объяснил, что внимательно осмотрев сквозь лупу медь, заметил следы тонкозернистых песча-



ников, которые бывают только в степной зоне, и медь привезена из казахских степей, а точнее из Жезказгана. На следующий день работники музея извинились за ошибку, уточняя правдивость слов ученого из Казахстана.

Но накопленный опыт геолога и новые нужды для экономического развития СССР, снова дали толчок к работе и науке. Идеи составления металлогенических прогнозных карт полезных ископаемых Центрального Казахстана, анализ и комплексных исследований, в 1955 году ряд исследований дали свой наиболее точный результат, была присуждена Ленинская премия. В 1956 году после пересмотра обвинения в адрес К.И.Сатбаева первым секретарем ЦК Компартии Казахстана П.К.Понамаренко, вторым секретарем - Л.И.Брежневым К.И.Сатбаев был оправдан и вновь избран членом ЦК КП Казахстана.

Вновь заданные цели и задачи для выполнения в 1956 году К.Сатбаеву дали развитие освоение целинных и залежных земель, изучение проблем дефицита воды в Центральном Казахстане, строительство канала Иртыш-Караганда. В 1958 году Каныш Имантаевич был избран депутатом Верховного Совета СССР 5 созыва. В 1959 году он был избран делегатом XXI съезда КПСС, а в 1961 году - делегатом XXII съезда КПСС. В том же 1961 году Сатбаев был избран членом Президиума Академии наук СССР и оставался им до конца жизни. В 1962 году Сатбаев был избран депутатом Верховного Совета СССР 6 созыва и заместителем председателя Совета Союза Верховного Совета СССР 6 созыва. В 1963 году Каныш Имантаевич был награжден четвертым орденом Ленина за заслуги в развитии геологической науки.

Каныш Имантаевич Сатбаев - один из выдающихся личностей науки всего СССР в XX веке. Его увековеченные труды в развитии Жезказганского рудного месторождения, открытии научных школ в Казахстане, ряда научно-исследовательских институтов, возглавлении Академии наук КазССР, огромном вкладе в развитие и процветание всего Центрального Казахстана, проводимые выездные сессии в крупнейших промышленных регионах республики - Усть-Каменогорске, Атырау, Караганде, Жезказгане, Кустанае, созданная научная школа металлогении в Казахстане, разработанный им комплексный подход формационного металло-



генического анализа стали основополагающими для геологической науки и практики.

К.И.Сатбаев лично руководил комплексным изучением природных ресурсов полуострова Мангышлак, исследованиями новых месторождений угля, нефти, газа, руд черной металлургии, активно поддерживал строительство канала Иртыш-Караганда. Энциклопедическая образованность позволяла ему принимать личное участие в создании центров большой науки. Ученым были инициированы и открыты новые академические институты, такие как - институт ядерной физики, институт математики и механики, институт гидрогеологии и гидрофизики, институт химии нефти и природных солей, институт химико-металлургический, горно-металлургический институт, институт ихтиологии и рыбного хозяйства, институт экспериментальной биологии, институт экономики, институт философии и права, институт литературы и искусства, языкознания. Вложил особый труд в создание и развитие Казахского горно-металлургического института - ныне Satbayev University и первого технического

института Казахстана.

Многие ученые до сих пор, вспоминая о жизни и деятельности Каныша Имантаевича Сатбаева, с гордостью отмечают его человеческий труд, и огромную ответственность к делу. Известный писатель Казахстана Медеу Сарсекеев, почетный гражданин Баянаульского района и г. Семей, почетный профессор технического университета более 40 лет посвятил изучению личности Каныша Сатбаева, выпустив книгу «Сатбаев», в серии «Жизнь замечательных людей» в 2003 году, где отметил важные волевые качества характера академика, его любовь к Родине и сопереживание будущему развитию страны.

В 2019 году в Послании Президента Қасым-Жомарта Кемелұлы Токаева - Улытау была названа «золотой колыбелью казахского народа». И действительно эти факты, были и доказаны еще Канышем Имантаевичем Сатбаевым еще в 1936 году. Интерес академика был действительно широк, тому свидетельство его направление к истории, этнографии, археологии на территории Центрального Казахстана. Найденная в 1936 г.,

местными жителями на вершине сопки Алтын шоқы надпись с арабской графикой, как оказалось сделанная по приказу Темирлана еще в 1391 г. была передана в Эрмитаж г.Ленинграда академику Орбели. Это находка стала подтверждением знаменитого похода Тимура в Дешт-и-Кипчак против хана Золотой Орды Токтамыса. Статья К.И.Сатбаева «Доисторические памятники в Жезказганском районе», опубликованной в 1941 г., №1 журнала «Народное хозяйство Казахстана», подтолкнула на идею расшифровки и исследования термина «казах», значимость го Улытау, как древнего политического центра, изучение памятников материальной культуры на реке Кенгир, где по преданиям были захоронены Алашахан, сын Шынгысхана Жошы и его придворный музыкант Домбаұлы. Впоследствии изучением с 1946 по 1974 годы Алькей Маргулан был организатором и руководителем Центрально-Казахстанской археологической экспедиции, которая открыла крупнейший очаг цивилизации эпохи поздней бронзы - Бегазы-Дандыбаевскую культуру, выпущена монография «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» - основательный и фундаментальный труд по древней истории Казахстана. Результаты археологических исследований автора в Сары-Арке были обобщены в фундаментальных монографиях «Древняя культура Центрального Казахстана», «История Казахской ССР» в пяти томах.

Уже в этом 2024 году Казахстан планомерно отметит 800-летие образования Ұлы Ұлыса Жошы, как основателя Золотой Орды, 125-летие - Академика Каныш Имантаевича Сатбаева, 120-летие историка и археолога Алексея Хақанұлы Маргулана во всех «Великих Личностей» связала многогранная непрерывная история «Великой Степи - Казахстана», как на историческом так и на в геополитическом, научно-образовательном направлении, которая не теряет своей актуальности и по сей день.

Шолпан Торгаутова,

Начальник научного центра «История и этнология», ответственный редактор журнала «QAZAQTANŪ», НИИ «Социально-гуманитарные науки»

ЮКУ им.М.Ауэзова

Академиялық дербестік - білім сапасын арттырудың тетігі

Қазіргі таңда жастарға білім беру тәуелсіз еліміздің келешек экономикасы мен әлеуметтік дамуы және оны тұрақты қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Еліміздегі білім беру жүйесінің негізгі мақсатының бірі – отандық білімді бәсекеге қабілетті деңгейде дамыту, кәсіптік және техникалық, білім беретін жеке ұйымдардың толыққанды жүйелі секторын құру. Ал, Қазақстанның халықаралық білім беру жүйесін интеграциялау, қазіргі заман талабы.



Республика бойынша білім сапасын одан әрі арттыру әр деңгейдегі педагогикалық кеңестерде жыл сайын кеңінен талқылануда. Себебі қазіргі таңда, сапалы білім қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын арттырудағы сенімді кепілі болып табылады. Соңғы бағыт аясында, білім саласының 5 мыңнан астам сарапшылары және жарты миллион педагог қауымдастығының өкілдері ұдайы қадағалап, жұмыс жүргізуде.

Колледждерге академиялық дербестік берілді. Аталған шара білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзгертуге мүмкіндік беріп, оқыту мерзімдерін қысқартып, білім сапасын арттырады, еңбек нарығына жылдам шығаруды қамтамасыз етеді.

Колледждер академиялық дербестігін алғанға дейінгі, олардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау тәртібі, әрбір мамандықтар бойынша берілген типтік жоспарларына байланысты болған болса, ал, 2022-2023 оқу жылынан бастап академиялық дербестікті пайдалана отырып, әр колледждерге оқу мерзімін анықтау құқығы берілді және білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен бірлесе отырып әзірлеу кезінде, мұндағы білім беру үдерісін ұйымдастырудағы, оның мазмұны мен мерзіміне өз ойын қоса алатын мүмкіндіктер алды.

Оның үстіне, егер бұрын оқу мерзімі екі жылдан төрт жылға дейін өзгеріп, нақты бекітілген болса, ал, ендігі жерде колледждерге академиялық дербестік берілгеннен кейін, мұндағы мамандықтардың ерекшеліктері мен оқу нәтижелерінің күрделенуіне байланысты, бұрынғы түрлі біліктіліктер бойынша оқыту мерзімдерінің қатаң регламенті алынып тасталып, білім беру мерзімін өз шешімі бойынша анықтауға болатын болды.

Осы орайда, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің колледж ұжымының алдында студенттерге «білім берудің сапасын қалай арттыруға болады» деген сауал әр оқу жылы мазалаумен келеді. Осы орайда, колледж ұжымы, бағытталған орталық қағидасын қамтамасыз ете отырып, студенттерге, қажетті дағдыларды игеруге және қысқа мерзімде оқуын аяқтауына және жұмысқа тұруына, сондай-ақ қажет болған жағдайда жастардың қайта оралып, басқа да қосымша біліктіліктерді меңгеруіне мүмкіндік ашқан болатынбыз.

Өйткені, колледжді бітіруші түлектердің біршама мамандықтары бойынша, білім деңгейлері, қазіргі жұмыс берушінің заманауи технологиялық талаптарына сәйкес келмей жататыны жасырын емес. Әсіресе техникалық мамандықтар өндірістің инновациялық технологияларына ілесеміз алмай қалуда. Ендігі жерде, оқуын аяқтаған түлектерді, жұмысқа қабылдау кезінде, жұмыс берушілер колледждермен бірлесе отырып жұмысқа қабылдайды, әрі оқу орындарындағы олардың сұраныстарына сәйкес келетін білім беру бағдарламалары мен тәжірибелік сабақтарын әзірлеуге қатысуына толық мүмкіндік берілген. Мұндай академиялық еркіндік колледждердегі білім беру үдерісін түбегейлі өзгерте отырып, студенттердің алған теориялық білімдерін, тәжірибе жүзінде қолдануына жол ашады.

Осы бағытта М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің колледж ұжымы жаңа 2023-2024 оқу жылын біршама оң жетістіктермен қарсы алуда. Талап техникалық және кәсіптік білімге kasipkor.kz сайтына 2022-2023 оқу жылында 15 мамандық бойынша талапқа сай жұмыс оқу жоспарлары орналастырылды. Барлық оқу жоспарлары өндірістік орындар-

дағы жұмыс берушілердің, World Skills және кәсіптік стандарттар талаптарымен сәйкес жасалды. Жоспарлар оқу - әдістемелік кеңесі мен өндірістік кеңес мүшелерімен бірлескен отырысында мақұлданып, қажетті мамандықтар бойынша паспорттар да жасалынып, республикалық оқу орталықтарына жіберілді, онда оң баға алып, респондентке енгізілді.

Білім беру бағдарламалары 07150100 - «Машина жасау технологиясы», 07130200 - «Электрмен қамтамасыз ету энергетика», 10130300 - «Тамақтануды ұйымдастыру» мамандықтарының оқу мерзімі 1 жылға қысқартылды. Ал 01140100 - «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі», 08410100 - «Ветеринария» және 07320100 - «Фимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандықтарының оқу мерзімдері негізгі орта білім базасында 3 жыл 10 айға сақталып отыр.

2022-2023 оқу жылынан бастап білім берудің оқытудың кредиттік жүйеге көшкен болатын. Мұнда, 1 кредит 24 академиялық сағатқа, ал, 1 академиялық сағат 45 минутқа теңестірілді. Соңғы жылдары, білім берудің кредиттік-модульдік технологиясы, нысаны мен мерзіміне қарамастан, оқытудың барлық кезең ішінде біліктілікті беру үшін кредиттерді бағалау, оны растау жүйесіне өтіп, білім беру сапасын арттыру бағытында оң өзгерістер іске асырылуда.

Қазіргі таңда колледжімізде мамандар дайындауда 130 оқытушы жұмыс атқаруда, оның ішінде негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын өндірістік оқыту шеберлерінің саны- 3, ал, олардың ішінде 2 ғылым докторы, 1 ғылым кандидаты, 33 магистр, 1 педагог-шебер, 2 педагог зерттеуші, 5 педагог сарапшы, 20 педагог-модератор бар, яғни колледж оқытушыларының санаты 39%-ды құрап отыр. Білім

беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде дуальдық оқытуға басымдық берілгендіктен, студенттердің іс-тәжірибелік жүйесі бойынша барлығы 54 өндірістік мекемелермен келісім-шарт жасалып, өндіріс орындарынан студенттерге жетекшілік жүргізуге тәжірибелі мамандар тартылып отыр, олардың саны қазіргі таңда-19. Алайда, заман талабына сай кейбір мамандықтарға деген сұраныс төмендесе, ал кейбіреуіне керсінше сұраныс арта түсуде. Осы жағдайды ескере отырып, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің колледжі сұранысқа ие мамандықтар бойынша қосымша лицензия алуға жұмыс жүргізуде. Ол мамандықтар:

1.Фимараттарды жобалау мен пайдаланудың автоматтандырылған жүйелері. BIM - техник

2.Құрылыстағы сметалық жұмыс - «Техник-сметашы» мамандықтары

Колледжде жас маман-кадрларды даярлау кезінде, ұдайы олардың сапасын арттыру мақсатында жұмыс берушілермен одан әрі екі жақты өзара тиімді іс-шаралар өткізуді қолға алуда. Мұнда, дуальды оқытудағы студент-кадрларды мақсатты даярлауға қатысатын барлық кәсіпорындар, «Жұмыс беруші күні», «Жас маман» тағы басқа тақырыпта жан-жақты кездесулер өткізу қарастырылып отырады. Осы тұста, жергілікті атқарушы органдары, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы, жұмыс берушілер қауымдастығы, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді түрде қатысып, дуальды оқыту жүйесіндегі жастарға айтарлықтай серпін берері даусыз.

Г.Е Садуақасова, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Мал дәрігері – сұранысқа ие мамандық

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында еліміздегі ветеринария саласын жетілдіру мәселесіне айрықша назар аударды. Жалпы, ауыл шаруашылығы өнеркәсібі кешенінің дамуы сапалы ветеринариялық қызмет көрсетуге байланысты екені белгілі.



Мал дәрігері болуды кейбіреулер сәннен қалған мамандық деп ойлайды. Шын мәнінде олай емес, мал дәрігері – сұранысқа ие мамандықтың бірі. Мал дәрігерлері жан-жануарлардың ауруларын емдейді, әртүрлі аурудың алдын алу үшін екпе салып, қажет болғанда ота жасайды, малдан алынған ет, сүт, т.б. өнімдерге бақылау жүргізіп, осы өнімдердің жарамды-жарамсызын айырады. Яғни «Медицина – адамды емдесе, ветеринария – адамзатты емдейді» демекші, ветеринария маңызды сала. Дегенмен, жан-жануарларға қамқорлық жасау ұнайтын жан болса ғана бұл мамандықты таңдай алады. Яғни, аяғынан тік тұрып қызмет қылу, ұзақ жүріс-тұрысқа шыдамды болу, әрбір жануардың өзіне тән исіне тезу екінің бірінің қолынан келмейді. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін Үкімет тарапынан мал дәрігерлік мамандыққа қолдау көрсету қажет. Себебі, мал ауырса ауыл шаруашылығы саласы шаш-етектен шығынға батып қана қоймайды, адамға да жұғып, халық өміріне қауіп төндіреді. Мал

бағу қазақ халқының негізгі кәсібі саналады. Сондықтан үнемі бабын жасап, жем-шөбін әзірлеп, басын аман сақтап қалу жолында күрескен қазақ «Малы саудың – жаны сау» деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған. Ал, сол малдың саулығына кепілдік беретін бірден-бір сала – ветеринария. Бұл күндері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру және ветеринария жүйесін жетілдіру үлкен маңызға ие. Төрт-түлігін түгендеп, санын арттыруды көздеген аудан халқы үшін ветеринария саласының орны бөлек. Қазіргі таңда, аудан бойынша ірі қара 75628, қой мен ешкі – 125466, түйе – 1623, жылқы – 22225 басты құрап отыр. Көрсеткіштерге зер салсақ мал басы артқан. Сондай ақ, бірдейлендіру дерек қорының базасына 14936 ірі қара, 38366 уақ мал, 252 түйе, 3521 жылқыға таңбалау жұмыстары жүргізілген. Асырап отырған малының саулығы ол отбасының ғана емес, бүкіл халықтың амандығының негізі. Себебі, мал – халықтың тұрмыс-тіршілігі, күнкөріс

көзі болып саналады. Әрбір жеке және заңды тұлға «Ветеринария туралы» Заңның 25-бабына сай Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етіп, сондай-ақ жаңадан мал сатып алса, не біреуге сатса мал дәрігеріне хабарлап отыруға міндетті. Сондай-ақ шаруашылықтарда ветеринариялық шараларды сапалы әрі уақытылы жүргізіп, сырғалау мен таңбалау, жануарларын бірдейлендіру маңызды. Жекешелендіру басталғанда мал дәрігеріне ешкім көңіл бөлмеді. Нәтижесінде ауру көбейді. Қазіргі таңда, аудан бойынша мал ұрлығы қылмыстарының дер кезінде ашылмауы ұрланған малдардың есепке алынбауында және де мал төлдерін мал иесі уақытылы жергілікті жердегі ветеринар мамандарымен бірлесіп бірдейлендіру дерекқор базасына сырғаланып немесе таңбаланып енгізебеуінен – дейді Ауылдық жердегі мал шаруашылығын былай қойғанда, қалада ит, мысық, алақоржын тышқан, тотықұс, т.б. өсіретіндер мал дәрігерлік емхана-

ның табалдырығын тоздырады. Мал дәрігерлікті тәмамдағандар мал дәрігерлік дәріханада, зертханада, емханада, мал шаруашылығында, кеңенде, аң өсіретін фермада, хайуанаттар бағында және азық-түлік базарларында жұмыс істейді. Қаладағы кейбір мал дәрігерлік емханалардың жанында жануарларға арналған қонақ үй бар. Ұзақ уақыт демалысқа басқа жаққа кететіндер үйіндегі жануарларын осындай қонақ үйлерге еш алаңсыз қалдырып кете алады. Мал дәрігерлері жан-жануарлардың ауруларын емдейді, әртүрлі аурудың алдын алу үшін екпе салып, қажет болғанда ота жасайды, малдан алынған ет, сүт, т.б. өнімдерге бақылау жүргізіп, осы өнімдердің жарамды-жарамсызын айырады. Дегенмен ойланыңыз, жан-жануарларға қамқорлық жасау сізге ұнайтын болса ғана бұл мамандықты таңдай аласыз. Себебі, жақсы теориялық біліммен қаруланған өз алдына, аяғынан тік тұрып қызмет қылу үшін ұзақ жүріс-тұрысқа шыдамды болып, әрбір жануардың өзіне тән исіне тезу екінің бірінің қолынан келмей-

ді. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін үкімет тарапынан мал дәрігерлік мамандыққа қолдау көрсету жайлы сөз болып жатыр. Себебі, мал ауырса ауыл шаруашылығына шаш-етектен шығынға батып қана қоймайды, адамға да жұғып, халық өміріне қауіп төндіреді.

Ветеринария саласының рөлі тек қана ауыл шаруашылығында ғана емес, сонымен экономикалық, биологиялық, медициналық тұрғыдан да маңыздылығы жоғары. Бүгінде жер бетін жайлаған жұқпалы дерттен пенде біткен шапа шегуде. Ал вирустың таралуына тірі жанның бәрі себепкер. Сондықтан «мал-жаның аман ба?» деп саулық сұрайтын қазақ халқы үшін төрт түлігінің түгел тұруы маңызды. Ал ол үшін бүкіл адамзатты емдейтін ветеринарлардың еңбегін ескеру керек.

Адамзаттың саулығы қоршаған ортаның саулығына, әсіресе, жан-жануар әлемінің саулығына тікелей тәуелді екенін осы күнгі әлемдік пандемия дәлелдеп отыр. Күллі дүниені бір тарының

ақылы түрде қызмет көрсетіледі. Қазіргі таңда аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыста-

екені айтпаса да белгілі. Жалпы ветеринарлардың күндегі атқарып отырған жұмыстарының маңызы



қауызына сыйдырған вирустың адамзатқа қайдан жұққаны нақты белгісіз немесе түрлі нұсқалар бар. Алайда, тереңдеп зерттеп келгенде індеттің тамыры жан-жануарлар әлеміне жол сілтейді. Вирусология мен ветеринарияның тоғысқан жері деуге боларлық нүктенің маңызын, әсіресе, осы бір қатерлі сәттері адам баласы анық сезінді. Иә, бүкіл жер шары тұрғынының денсаулығы ветеринар-маманның да біліктілігіне байланысты болып тұр.

Жоспарға сәйкес, 14 түрлі аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы алдын алу, егу жұмыстары мемлекет тарапынан тегін жүргізіледі. Жануарлардың жұқпалы емес және инвазиялық ауруларына Ветеринария туралы заңның 13-бабына сәйкес,

рының дер кезінде жүргізілуі нәтижесінде эпизоотиялық жағдайы тұрақты. Егу жұмыстарына келетін болсақ ауылдық округтерде ветеринариялық пункттер бар. Ондағы мамандар мал санына қарай жұмыс істейді. Ветеринар маманы қызметінің тағы бір қыры – ол қауіп-қатермен де жиі бетпе-бет келеді. Жылдың қай мезгілінде болмасын белгілі бір ауруға шалдыққан төрт түлікті мал дәрігері тексеріп, ем-дом шараларын жүргізеді. Кей жағдайларда ауру түрін анықтау үшін малдың өлексесімен жұмыс істеуге тура келеді. Сібір жарасы, туберкулез, бруцеллез, аусыл, қарасан, қатерлі ісік сияқты сан түрлі жұқпалы аурулармен жалғыз күресуге мәжбүр. Ал осы аталған ауру түрлері адам денсаулығы үшін қаншалықты қауіпті

зор. Қазақтың саулық сұрасқанында ең бірінші «Мал-жан аман ба?» деуі тегін емес.

Себебі, мал – халықтың тұрмыс тіршілігі, күнкөріс көзі. Сонымен бірге, мал шаруашылығы экономиканы алға сүйрейтін салалардың бірі.

**Ш. Женисова, Ж.Исмаилова,
А.Мадиярбекқызы,
А. М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті колледжі
Ветеринария мамандығының пән
оқытушылары**

Орта кәсіптік оқу орындарында орыс тілін оқытудың әдістемесі

Қазіргі қоғам дамуындағы ең басты факторлардың бірі – білім алушыға жүйелі, жан-жақты білім беру мен тұлғаны қалыптастыру. Орта орта кәсіптік оқу-орында тек білім беріп қоймай, бойына адами құндылықтар дарыған ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Оқу орыс тілінде жүретін орта кәсіптік оқу-орындарында білім алушыларға өз ойын басқа біреуге жеткізе алу үшін коммуникативтік дағды мен білік игертіліп, тіл үйретіледі. Оқытушы өзі жаңа технологияны жете меңгермей, білім алушыға тілді үйрете алмайды. Қазіргі орта кәсіптік оқу-орында сабақ жаңа технологияны іске асыру арқылы, оның элементтерін орыс тілді үйретуде дұрыс қолдану арқылы жүзеге асады. Оқытушының шеберлігі білім алушыны түсінуден, онымен рухани қарым-қатынаста болудан тұрады.



Орыс халқының сұлу, әдемі тілін басқа ұлт өкілдері оқып-үйреніп, таза сөйлеуі – орыс тілге деген құрмет.

Орыс тілі жастарға ертеңгі күні өмірге араласқанда, қызметіне көмегін тигізетін болу керек. Орыс тілі пәні оқытушының әлеуметтік дәрежесін қалыптастыруға негізгі мақсат – шығармашылықпен жұмыс істеу, өз білімі мен біліктілігінің нәтижесін көрсете білу.

Орта кәсіптік оқу-орындарында орыс тілін оқытудың:

- практикалық мақсаты – білім алушылардың сөздік қорын байыту, орысша ауызекі дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, бір-бірімен сөйлесуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп беруге жаттықтыру;

- Білімділік мақсаты – орыс тілін пән ретінде оқыту арқылы оқушыларға орыс халқының тұрмысы, мәдениеті, тілі туралы мағлұматтар беру;

- Тәрбиелік мақсаты – орыс тілімен танысу арқылы оқушыларды азаматтық, адамгершілік рухта тәрбиелеуге мүмкіндік туғызу.

Орыс тілді үйрену арқылы білім алушылар орысша ауызекі сөзге түсініп, өздері орыс тілінде көріп-білгенін, оны айтып, жаза алатын дәрежеге жетеді.

Сабақ – оқу-орында оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы. Оны шеберлікпен ұйымдастыру арқылы ғана табысқа жетуге болады.

Шәкірттердің бойына терең біліммен қатар, жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – оқытушының басты міндеті болып саналады. Әрбір оқытушы білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты техникалық

құрал-жабдықтармен, көрнекілікпен күрделендіру керек.

Мен алдыма қойған мақсатым – білім алушылардың сөздік қорын байыту, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, нәтижесінде білген-үйренгенін өзінің күнделікті өмірінде пайдалануға дағдыландыру.

Жоғары динамикалық қоғамдық даму барысы мен кең хабарлы ағында білім алушылардың белсенділігін арттыру және олардың өмірдегі келелі мәселелерді шеше білуге, өзіне қызмет етуді үйрету – өзекті мәселелердің бірі. Білім алушылардың өз бетімен оқу жұмыстары – оқу-тәрбие барысында жоғары нәтиже беретін амал. Олардың зерттеу қызметі жеке тұлға сапасы мен даму қабілетін арттырудың бірден-бір жолы деп саналады. Жобалау технологиясының ерекшелігі – оқу құралының орнына көптеген зерттеу материалдары қолданылады.

Жобалық оқыту – білім алушылардың өзіндік шығармашылық қызметі. Бұл – жобаны іске асыру, орындау барысы, ақпарат іздеу, жинаған материал бойынша қорытындылау, талдау.

Бұл жұмыс кезіндегі оқытушының қызметі қандай?

- Қолайлы тақырып таңдап алу;
- Тақырыпты тақырыпшаларға бөлу;
- Тақырыпты білім алушылармен бірге таңдау;
- Білім алушыға ұсыну;
- Тақырыпты талқылауға қатысу;
- Білім алушыларды ұйымдастыру;
- Керекті әдебиетті ұсыну.

Ал білім алушылардың жұмысы қандай?

- Жұмыстың негізгі мақсат пен міндеттерін анықтау;
- Шешу жолындағы ізденісті ұйымдастыру;
- Жұмыс нәтижесін дұрыс жеткізу.

Жоба жұмысы білім алушылардан шығармашылықты қажет етеді. Бұл жұмыс түрін топта жеке білім алушы, жұп немесе топ болып өткізуге болады. Мен сабақтарымда көбіне топ жұмыстарын ұйымдастырамын, өйткені топпен жұмыс білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік істерге жетелейді.

Жобалау оқыту технологиясы – проблемалық оқытудың идеясын дамыту, қарым-қатынас, сөйлеу барысында білім алушылардың белсенділігін арттыру, өз бетімен атқаратын жұмысын жете білу, жоғарылау болып табылады. Жобамен жұмыс істеген кезде балалар ақпарат жинайды, әр түрлі ғылыми және әдеби зерттеулерден (хат, пресса, кітаптар) мәлімет қолданады. Жобаны қорғау кезінде фильм, слайд пайдаланады. (Сабақ үлгісі)

Орыс тілінде оқылтын арнаулы оқу-орындарында сөйлеу тілін дамыту айтылым мен жазылым арқылы екі бағытта іс жүзіне асырыла алады. Басқа ұлт өкілдеріне орыс тілін үйретуде ауызша айтылым арқылы тіл дамыту жұмыстары басымырақ. Дегенмен, тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, күнделікті өмірде, кеңсе жұмыстарында, өндіріс пен шаруашылықта, ғылымның барлық саласында орыс тілді қолдану аясы кеңейіп, іс қағаздары орысша жүргізіліп жатқанда, мемлекеттік тілде тек ауызекі сөйлеу жеткіліксіз деген ойламын. Ауызекі сөйлеумен қатар, сауатты жаза білуге дағдыландырудың маңызы күннен-күнге артуда. Балалар өз ойын жазбаша да, сауатты, көркем тілде жеткізе білулері қажет. Ал бұл нәтижеге жетуде жазбаша тіл дамыту жұмыстары жүргізілуі керек деп ойлаймын. Бұл:

- Сөздердің дыбысталуы бойынша жұмыс;
- Еркін, тұрақты сөз тіркестерімен жұмыс;
- Сөйлем бойынша жұмыс;
- Тіл мәдениеті бойынша жұмыс;

- Стилистика бойынша жұмыс;
- Ауызекі сөйлеу бойынша жұмыс.

Сабақтарымызды түрлендіріп, балаларымызды өз тілімізге қызықтырып, орыс тілді үйренуге баулуымыз керек.

Білім алушы өз ойын орысша дұрыс жеткізу үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібімен сөйлем жасау жолдарын жақсы меңгеру керек. Оқытушының басты міндеті – білім алушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту

Мәтінмен жұмыс кезінде:

- қарамен жазылған сөздердің қосымшаларын-категорияларын анықтау;
- Синоним, омоним, антоним сөздерді тап;
- Негізгі, туынды сөздерді теріп жаз;
- Жаңа тақырыпқа байланысты сөздерді тап;
- Жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем құра;
- Құрмалас сөйлемдерден жай сөйлем құра;
- Мәтіннің енгізгі ойын айт;
- Асты сызылған сөздермен сөйлем құра;
- Белгіленген сөйлемді талда;
- Сөзді сөзге, сөз тіркесіне алмастыр;
- Белгілі бір сөз таптарына мысалдар жаз, т.б. тапсырмалар орындауға болады.

Орыс тілі пәнін оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтау – оны міндетті тіл дәрежесіне көтеруді, оқушының ой-өрісі мен танымдық қабілетін жетілдіруді көздейді. «Қай тілдің де болмасын механизмін үйрену үшін мынадай екі жағдайды білу қажет: бірі – сол тілдің жүйесі қалай құрылған, екіншісі – оны практикалық жағынан қалай меңгеру керек. Демек, орыс тілінің құрылысын және оны практикалық жағынан меңгеру процессінде бірте-бірте коммуникативтік тәсілді ұйымдастыру тиімді» деген пікір бар. Қазіргі білім жүйесінің негізгі міндеті – адамның ішкі жан дүниесінің адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының қалыптасуына бағыттау, соған негіздеу. Орта кәсіптік оқу-орындарында оқыту жолында әр түрлі технологияларды қолдану – заман талабы. Бұл – В.П.Беспалько, М.В.Клариндердің бағдарлы оқытуы, А.С. Выготскийдің дамыта оқытуы, В.Р. Шаталовтың тірек сигналдары, М.М.Жанпейісованың модульдік оқытуы, К.О.Өмірбаеваның деңгейлік оқыту әдісі, Ш.А. Амонашвили, Е.Б. Бондаревскаяның жеке бағдарлы оқытуы.

Әрбір педагогикалық технология өзіндік әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді.

Орыс тілін меңгертуде қолданылатын тиімді әдістердің бірі – деңгейлік оқыту.

Өз тәжірибемде деңгейлеп оқыту технологиясының элементтерін қолданып жүремін. Оқыту барысында оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттері дамиды. Пәнге деген қызығушылығын арттырып, топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамыз. Білім алушының төменгі деңгейден жоғары деңгейге ұмтылысы білім сапасының жоғарылауына ықпал етеді. Әр сатыға көтерілген сайын олардың оқуға деген ынтасы, белсенділігі артып, дамып отырады. Өз бетінше, шығармашылық жұмыс істеуге үйренеді. Сабақта түрлі ойындар, диалог және рольдік ойындарды жиі қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға, бірін-бірі түсініп, орыс тілінде ауызекі сөйлесе алуға үйретуге болатынына көзім жетті.

Орта кәсіптік оқу-орындарында оқытылатын орыс тіл сол тілде сөйлейтін ұлттың басты құндылықтарының бірі екені ескерілу, пән бойынша берілетін білім мазмұны бүгінгі қоғамдық әлеуметтік сұранымдарға сай болу керек.

Білім алушыларға лексика-грамматикалық минимумды меңгерту мен сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім)

модульдік жүйе бойынша жүзеге асады. Әр модульде лексикалық тапсырмалар, грамматикалық тапсырмалар, тақырып бойынша мәтін, мәтін бойынша лексика-грамматикалық жұмыс түрлері, әр тақырып бойынша нәтижені тексеру үшін тест тапсырмалары, танымдық сұрақтар пайдаланылады.

Қазіргі таңда орыс тілді оқытуда жаңа технологияларды сабақта жан-жақты қолдану – жаңаша оқытудың тиімді жолдарының бірі. Осындай жаңа жолдардың біріне заман талабына сай сабақта компьютермен тіл үйретуді жатқызуға болады. Компьютерді қолдану барысында мұғалім оқушының тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады, ізденіс істеуге жетелейді. Оқытушы сабақ кезінде жай ғана бақылаушы болады.

Білім алушыларды орысша сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алуға, біреудің сөйлеген сөзін түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін пайдаланылатын жұмыс түрлерінің бірі – ойын. Интеллектуалдық, грамматикалық және дидактикалық ойындақ сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге білім алушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

Ойын – оқушы әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы ол қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Жаңа сөздерді қайталау, бекіту мақсатында қолданылатын ойын жаттығулар мен олардың әр түрлі тақырыптық нұсқалары оқушылардың сөздік қорын ғана арттырмай, сөзді жандандыра түседі. Жаңа сабақты түсіндіргенде де, өткенді қайталау кезінде де, сабақты пысықтау-қорытындылау кезеңінде де ойын элементін қолданамын. Жастар арасында бой алдырған жағымсыз қасиеттер мен сүреңсіз іс-қилықтардың етек жаюы – халықтық тәрбиеден қол үзіп қалғанымыздың салдары екенін жақсы білеміз.

Ұрпақтардың ұлттық сана-сезімін тәрбиелеп, ұлттық дүниетанымын байыту – оқу пәндерін оқытудың негізгі міндеттері. Өмір мен қоғам жас ұрпақты өз халқын, елін, жерін, әдеби-мәдени мұраларын сүйге, отаншылдыққа тәрбиелеу, халқымыздың салт-дәстүрлерін, даналығын, тұрмыс-тіршілігін таныту керек. К.Ушинский: «Халықтық тәрбиенің тәжірибелерінен тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ» деген еді. Этнопедагогиканың озық дәстүрлерін пайдалана отырып, білім алушылардың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жұмысын жүзеге асыруда – орыс тілі сабағының орны өзгеше.

Өз тәжірибемде орыс тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту барысында этнопедагогика элементтерін жүйелі түрде пайдаланамын. Тыйым сөздер – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Тыйым сөздер балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандырады. «Малды теппе», «Ақты төкпе», «Табалдырықты баспа», «Үлкеннің сөзін бөлме» «Құстың ұясын бұзба», «Аққуды атпа», «Бұлақтың көзін бітеме», «Құмырсқаның илеуін бұзба» сияқты сөздер арқылы ата-бабаларымыз жас баланың санасына қоршаған орта, табиғатқа деген ізгі сезімдерді ұялатқан. Жас кезінен жүрегінен орын алған мұндай мейірімділік сезімдер білім алушылардың ой-санасында қалады деп сенемін?

Феруза Муратова, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінің, Орыс тілі және орыс әдебиеті пәні оқытушысы

Еліміздегі машина жасаудың қалыптасуы мен дамуы

Машина жасау — бұл еңбек құралдарын, көліктерді және де қолданыстағы заттар мен қорғаныс өнімдерін жасайтын өндіріс салаларының кешені. Машина жасау салалары физика, инжиниринг және материалтанудың білімдерін қолдана отырып механикалық жүйелерді құрастыруға, өндіруге және оларға қызмет көрсетуге қолданады. Экономиканы индустриаландырудың ажырамас бөлігі және мемлекеттің аса маңызды салаларының бірі. Аталған сала агроөнеркәсіптік кешен, энергетикалық және металлургиялық секторлар, көлік және басқа да негізгі салалар қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, бұл көбінесе экономиканың материал сыйымдылығын, еңбек өнімділігін және еліміздің экономикалық қауіпсіздігін айқындайды. Индустриаландыру бағдарламасын іске асыру жылдары машина жасау саласындағы өндіріс көлемі 3 есеге жуық артып, 1 трлн теңгеден асты



Ұлы Отан соғысы жылдарында эвакуациямен көшіріліп өкелінген кәсіпорындардың негізінде құрылды. Металлургиялық құрал-жабдық (Алматы), автоматты сығымдау (Шымкент), аппаратураларын (Ақтөбе), автокөлік қозғағыштарын (Петропавл), ауыл шаруашылық техникасын (Астана) шығаратын ірі зауыттар осылайша пайда болды. Соғыстан кейінгі жылдарда ондаған машина жасау зауыттары салынды. Аспап жасаудың, электротехникалық өнеркәсіптің, трактор жасаудың жаңа салалары пайда болды. Яғни машина жасау салаларының кешені қалыптаса бастады. 1990 жылдардың басында машина жасау кешенінің құрамында 2500-дей өнім түрлерін шығаратын 370 зауыт болды. Дегенмен, машина жасаудың жалпы даму деңгейі бойынша Қазақстан басқа одақтас республикалардан бірталай артта қалып келді. КСРО-да ол жалпы өнім шығарудан үшінші, ал машина жасаудан он екінші орындағы республика болды.

Бірақ кешеннің, құрылымы Қазақстан үшін қолайлы болмады. Барлық зауыттардың 1/3 бөлігі тек ескірген техниканы жөндеумен айналысса, ал тағы да сондай бөлігі металл конструкцияларын өндірді. Қалған бөлігінің жартысын Қорғаныс-өндірістік кешен (ҚӨК) құрады. 1990 жылдары машина жасау кешені оның өнімдеріне деген сұраныстың күрт төмендеуіне байланысты терең дағдарыс жағдайында болды.

Басқа республикалардағы кәсіпорындармен көптеген өндірістік байланыстар үзілді. ҚӨК зауыттарының алдында өндірісті конверсиялау, яғни халық пен экономикаға қажетті өнім шығару міндеті тұрды. Конверсия өте баяу жүрді. Өнеркәсіптердің барлығы жаңа жағдайға бірден үйреніп кете алмады. Нарықтық қатынасқа табысты етудің мысалын Петропавлдағы зауыттардың бірінен көруге болады.

Қазір зауыт Қазақстанның мұнай және газ өнеркәсібіне жұмыс істейді. Олар техниканың жаңа түрлерін - шағын бұрғылау қондырғыларын, ұңғымаларды жөндеуге арналған автокөліктердің көтергіш қондырғыларын

